

АВТОМАТИЗИРОВАННЫЕ СИСТЕМЫ KTZ CARGO И «УПРАВЛЕНИЕ ПРОЦЕССАМИ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК/TMS» ВНЕДРЯТ В АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ». НОВОВВЕДЕНИЯ СДЕЛАЮТ ПРОЦЕСС ПОДАЧИ-УБОРКИ ВАГОНОВ ПРОЗРАЧНЫМ И ОТКРЫТЫМ, УПОРЯДОЧАТ ОЧЕРЕДНОСТЬ ПОДАЧИ ВАГОНОВ ПОД ПОГРУЗКУ И КОММЕРЧЕСКОГО ОСМОТРА. БУДЕТ ПОЛНОСТЬЮ ИСКЛЮЧЕНА ПОДАЧА ДОКУМЕНТОВ НА БУМАЖНОМ НОСИТЕЛЕ В ТОВАРНУЮ КАССУ.

Бауыржан УРЫНБАСАРОВ
управляющий директор по производственным процессам
АО «НК «Қазақстан темір жолы»



№81 (2796)
14/10/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



Саммит СВМДА – платформа для диалога

Вчера в Астане начал работу VI саммит Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА). В столицу Казахстана прибыли главы 11 государств.

Любовь РОВБА,
Астана

Открывая мероприятие, Президента РК Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что прогноз о том, что XXI столетие будет веком Азии, сегодня стал реальностью.

– Азия является признанным мировым экономическим лидером по номинальному ВВП и паритету покупательной способности. Регион обладает значительными человеческими и природными ресурсами. Будущее Азии зависит от нашей коллективной готовности к укреплению диалога между культурами, традициями и мировоззрениями, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

По мнению Президента РК, важно сконцентрироваться на реализации транзитно-транспортного потенциала путем проработки диверсифицированных маршрутов коммуникации и доставки грузов.

– Разрывы в глобальных цепочках поставок вынуждают страны Азии по-новому взглянуть на формирование эффективных транзитно-транспортных коридоров, – отметил Касым-Жомарт Токаев, назвав своевременным решение учредить Совет СВМДА по устойчивой взаимосвязанности.

Он указал на необходимость создания «зеленых коридоров» между государствами – участниками СВМДА и налаживания сотрудничества СВМДА с Исламской организацией по продовольственной безопасности, штаб-квартира которой расположена в Астане.

Стоит отметить, что накануне саммита президенты Казахстана и Турции провели 4-е заседание Совета стратегического сотрудничества высокого уровня, во время которого обсудили в том числе вопросы транспорта и логистики.

– Наши страны заинтересованы в увеличении объема перевозок по

Транскаспийскому международному транспортному маршруту. Этот стратегический проект имеет огромное значение для сохранения стабильности в регионе. В этом году за семь месяцев объем перевозок по ТМТМ увеличился в 2,5 раза и достиг одного миллиона тонн. В этом контексте важным представляется развитие «Среднего коридора», связывающего наши государства, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

В свою очередь президент Турции Реджеп Тайип Эрдоган выразил заинтересованность в дальнейшем развитии сотрудничества во всех сферах.

– Мы договорились довести торговый оборот в краткосрочной перспективе до пяти миллиардов долларов, в среднесрочной – до 10 миллиардов долларов. Пока все идет по плану. Наше сотрудничество в транспортно-логистической сфере позволяет нам в краткие сроки

достичь намеченного на среднесрочный период, – подчеркнул он.

Стороны отметили растущее значение Каспия, а также успешную трехстороннюю встречу в Баку в июне этого года. Трехсторонняя встреча в Баку прошла успешно. Касым-Жомарт Токаев предложил продолжить эту традицию и провести следующую встречу в Актау.

Кроме того, Президент РК в эти дни провел встречу с заместителем председателя Китайской Народной Республики Ван Цишанем, на которой отмечалось динамичное развитие сотрудничества в торгово-экономической, инвестиционной, транспортно-логистической и других сферах.

Потенциал для наращивания контактов в торговой и транспортно-логистической сферах обсудили также во время переговоров с эмиром Катара Тамимом бен Хамадом Аль Тани и вице-президентом Вьетнама Во Тхи Ань Суан.

ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ШЕҢБЕРІНДЕ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев ҚР Премьер-министрі өткізген «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның ұлттық көліктік-логистикалық компанияға трансформациялау мәселелері жөніндегі кеңеске қатысты.

Бұл бағдарлама Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылуда. ҚТЖ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев компанияның логистика сегментінде, атап айтқанда, халықаралық транзиттік маршруттар мен өңірлік сауда хабтарын дамыту жөніндегі қызметін кеңейтетін трансформациялау жоспарын таныстырды.

Аталған жоспар шеңберінде ҚТЖ теміржол, авто және теңіз көлігін тарта отырып, мультимодальды тасымалдауды ұйымдастырумен, сондай-ақ терминалдар желісін дамыту нәтижесінде шетелде жүктерді жинақтау орындарында логистикалық қызмет көрсетумен айналысатын болады. Бұл трансұлттық көлік дәліздерінің дамуына, жаңа логистикалық тізбектердің қалыптасуына серпін береді және отандық бизнес үшін қосымша мүмкіндіктер ашады деп күтілуде.

Сондай-ақ компания өзінің негізгі қызметінің тиімділігін жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастырады. Премьер-министр ҚТЖ-ны трансформациялау тәсілдерін мақұлдап, қолданыстағы коммерциялық бағыттарға талдау жүргізуді және өңірлік сауда хабтарын дамыту мәселесін егжей-тегжейлі пысықтауды тапсырды.

Ислам ТАЛБАТ

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ ӨСКЕН



«Жолаушылар тасымалы» АҚ **биылғы тоғыз айды табысты қорытындылады. Айталық, үш тоқсанда ҚТЖ желісі бойынша 10,5 млн жолаушы тасымалданған.**

Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24%-ке артық. Жолаушыларға қызмет көрсету үшін 2 мыңға жуық вагон жұмылдырылған. Қазіргі уақытта еліміз бойынша жолаушылар пойыздары 138 бағытта қатынайды. Оның ішінде, «Жолаушылар тасымалы» АҚ еншісінде 100 бағдар немесе 72% болса, жеке тасымалдаушыларға тиесілісі 29 бағдар, 21% құрайды. Сондай-ақ, көрші елдерде құрылған 9 бағдар бар, оған жалпы көлемнің 7% тиесілі.

Айта кетерлігі, осыдан бір жыл бұрын Ұлттық компания жолаушылар пойыздарында әйелдерге арналған вагондарды іске қосқан еді. Бұл пилоттық жоба нәзік жандар тарапынан қызу қолдау тапқанын, бір жыл ішінде аталған сервис түрін 98 мыңнан астам жолаушы пайдаланғанын көреміз. Қазір жобаға №77/78 «Алматы – Маңғыстау» (№7 вагон); №351/352 «Алматы – Өскемен» (№10 вагон); №45/46 «Павлодар-Шымкент» (№9 вагон); №37/38 «Маңғыстау – Семей» (№9 вагон); №47/48 «Атырау – Астана» (№7 вагон); №379/380 «Алматы-2 – Орал» (№10 вагон) бағыттарындағы жолаушылар пойыздарында бір күле вагоны тартылған. Әйелдерге арналған вагонға билетті BILET.RAILWAYS.KZ веб-сайтынан немесе «Жолаушылар тасымалы» АҚ билет кассаларында сатып алуға болады.

Нұрбек БЕКЕН

Технология

ДАМУ ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Кеше «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ақпараттық технологиялар саласындағы даму жоспары IT нарығы өкілдерімен онлайн кездесуде таныстырылды. Жиынға компания басқарма төрағасының стратегия және цифрландыру жөніндегі орынбасары Әнуар Ахметжанов пен басқа да мамандар және стартап-компаниялар өкілдері қатысты.

Улан ОРАЗ,
Астана

ZOOM платформасында өткен жиынға 98 адам онлайн қосылды. Ашық диалог алаңына қатысушылар ҚТЖ өкілдеріне сұрақтар қойып, осы саладағы көптеген мәселелер шешіміне қатысты жауап алды. ҚТЖ өкілдері компания цифрландыру бойынша өз жобаларын жүзеге асыру үшін қазақстандық стартаптарды іздеуге және тартуға мүдделі екенін жеткізді.

Компанияның 2026 жылға дейінгі Цифрлық бағдарламасын таныстыру барысында жүк тасымалы процесінің моделі, коммерциялық және жүк жұмыстары

жүйесінің ағымдағы жағдайы, IT нарықпен өзара іс-қимыл механизмі, корпоративтік процедуралардың Жол картасы, IT қағидаттары, компанияның ақпараттық жүйесінің жалпы жағдайы, ҚТЖ-ның жаңа технологиялық платформасына қойылатын талаптар, проблемалық мәселелер туралы айтылды.

– Компания ұстанатын IT қағидаттарға тоқталсақ, ішкі қолданушылар үшін IT қызметтерді ұсынғанда компания жұмысшыларының қажеттілігіне анағұрлым көп басымдық беріледі. Ал сыртқы қолданушылар үшін компания клиенттерінің қажеттіліктеріне сәйкес қызметтер көрсетіледі.

IT қызметтер мен функциялар нарықтағы балама қызметтермен салыстырғанда бәсекеге қабілетті болуы керек. Компаниядағы барлық IT архитектура барынша стандарттарға сай етіледі. Сатып алынатын технологиялар мен жүйелер әлемдегі ұқсас қызмет көрсететін компанияларда сәтті қолданысқа енгізілген болуы керек, – деп атап өтті компанияның трансформация орталығы басшысының орынбасары Ержан Наурызбаев.

Сонымен қатар жоспарды таныстыру кезінде компания әрқашан ішкі IT сараптаманы сақтайтынын, IT жобаларды жүзеге асыру туралы барлық шешімдер ортақ келісіммен қабылданатынын мәлімдеді.

ІРО – ТҰРАҚТЫ ДАМУ ДЕГЕН МАҒЫНАМЕН АСТАРЛАСЫП ЖАТЫР. БІЗДІҢ КОМПАНИЯ ДА ӨЗГЕ ІРІ ҰЙЫМДАР СЕКІЛДІ ОСЫ ДАМУ ЖОЛЫНА ҚАДАМ БАСУДА ҮЛКЕН МАҚСАТТАРДЫ КӨЗДЕЙДІ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

КӘСІПОДАҚ ТАРАПЫНАН АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА 94 АДАМҒА

24 МЛН ТЕҢГЕ

КӨЛЕМІНДЕ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК БЕРІЛДІ.

БИЫЛ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДА «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША

190 МЛН ТОННА

ЖҮК ТИЕЛДІ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ

6 МЛН ТОННА

АСТЫҚ ЭКСПОРТҚА ШЫҒАРЫЛҒАН.

БИЗНЕС ОБЕСПЕЧЕН УСЛУГАМИ

Сыңше 147 мың тонна грузы өңделген столичный терминал АО «Кедентранссервис» за девять месяцев 2022 года.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

За указанный период перегружено около трех тысяч ДФЭ. Номенклатура грузов различная: техника, автомашины, строительное оборудование, уголь, бумага, лекарство и продукты питания.

– Терминал работает круглосуточно. Коллектив составляют квалифицированные специалисты с многолетним опытом работы. Сегодня филиал АО «Кедентранссервис» по Астане и Акмолинской области предоставляет услуги по терминальной обработке грузов, транспортно-экспедиционное обслуживание, сервис «одного окна», доставка грузов до конечного потребителя door to door, предоставление крытых

складских помещений и открытых площадок, в том числе СВХ, – отметил директор филиала АО «Кедентранссервис» по Астане и Акмолинской области Куаныш Аманбаев.

Общая занимаемая площадь составляет более 23 гектаров, на территории имеется 17 подъездных путей, общая длина их составляет более 8,1 тысячи метров, в том числе погрузочно-выгрузочные, соединительные, повышенные и выставочные. Оборудован четырьмя козловыми кранами для погрузки, разгрузки и сортировки контейнеров и вагонов, погрузчиками и иной техникой.

АО «Кедентранссервис» является крупнейшим оператором транспортно-логистических и терминальных услуг и представлено во всех крупных



регионах страны, а также на приграничных стыках. В ее активе действуют 17 терминалов, семь перегрузочных мест на станции Достык и три на станции Алтынколь. Кроме того, компания оперирует 4 403 фитинговыми платформами.

Фото Александра ЖАБЧУКА

МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Сала кәсіподағының 30 жылдығына орай Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде арнайы жиын өтіп, онда аймақтағы кәсіподақ белсенділері марапатталды.

Бөлімше басшысы Аслан Базарғалиев көп-шілдікті сала кәсіподағының 30 жылдығымен құттықтап, жұмысшы мүддесі үшін жүргізіп келе жатқан еңбектеріне табыс тіледі. Бөлімше бойынша кәсіподақ ұйымының төрағасы Нұрбол Нұрышев ұйымның биылғы жылдың 9 айында атқарған жұмысына шолу жасап, ұжымдық шарттың орындалуы, жұмысшының еңбек құқықтары мен мүддесін қорғау, зейнеткерлерге, аз қамтылған отбасыларға көмек, балалар демалысы, т.б. әлеуметтік тақырыптарға тоқталды.



Атырау локомотив пайдалану депосының кәсіподақ жетекшісі Боранбай Қамиев сала кәсіподағының өткен тарихына шолу жасай келе, қызметкерлерге арналған ҚТЖ компаниясының ұжымдық шарты еліміздегі алдыңғы қатарлылардың бірі деп бағалады. Сондай-ақ ол ұжымдық шартты жетілдіре түсіп, кәсіподақ ұйымдарының мекеменің табысын бөлуге және пайдалануға қатысуына қол жеткізу, зиянды факторлармен жұмыс істейтін жұмысшыларға спорттық сауықтыру лагерлеріне жеңілдікпен жолдама беру, ұжым мүшелерін жұмысқа және үйге көлікпен тасымалдау, әр мекемеде велотұрақтар жасақтау, мәдени шараларға қаржы бөлу қажеттігі туралы ой-пікірлерімен бөлісті. Бұл ұсыныстарға қатысушылар да қолдау білдірді.

Содан кейін атаулы датаға арнайы шығарылған «30 жыл бірлікте» мерейтойлық медальмен белсенді кәсіподақ мүшелерін марапаттау рәсімі өтті. Олар станция, дистанция, деполардағы кәсіподақ ұйымы төрағалары, цехкомдар – барлығы 30 адамның өңіріне төсбелгі тағылды. Мерейі үстем болғандар қатарында Құлсары байланыс дистанциясынан А.Өміров, Теңдік станциясында құжат өңдеуші, цехком А.Берікқызы, Доссор станциясының тауар кассирі, пофгруппорг Ж.Есегалиева, «Қазтеміртранс» АҚ филиалының өндірістік-техникалық бөлім бастығы А.Әбішева, т.б. теміржолшылар болды.

Суретті түсірген автор

ӨНЕРТАПҚЫШТАР ДЕНГЕЙІ ӨСІП КЕЛЕДІ

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент филиалы мен Шымкент магистральдық желі бөлімшесі мамандарының қатысуымен рационализаторлық белсенділікті арттыру мақсатында арнайы тренинг өтті.

Жиынның басты мақсаты өнертапқыштық белсенділікті арттыра отырып, техникалық шығармашылықты дамыту болды. Ғылыми-техникалық ақпарат бөлімінің меңгерушісі Ләззат Әбуәліпқызының ұйымдастыруымен өткен жиынға Шымкент магистральдық желі бөлімшесі филиалының бас инженері Мұхтарбай Битеміров пен Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері Ляс Нұржанов, техникалық және өндірістік бөлім басшылары мен қызметкерлері қатысып, біліктіліктерін шыңдады.

Жиында еңбек нәтижесіне деген қызығушылықты ояту арқылы теміржолшыларды техникалық қызмет үшін моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандыру, осылайша қоғам сұранысын қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібіне шығарылды. Нәтижесінде компания мен еншілес ұйымдардың шығындары оңтайланып, шығындар азаяды деген болжам бар.

«Біз өз мамандарымыздың рационализаторлық ұсыныстарын қолдай отырып, авторлық құқықтарын қамтамасыз етеміз. Қуантарлығы, бүгінде өндіріс талабы өскен сайын өнертапқыштық ұсыныстардың да деңгейі өсіп келеді. Баяғыдай қарапайым емес, жылдан-жылға күрделі, сонымен қатар тиімді, табысты ұсыныстар ойлап тауып, өндіріске қосып жатқан әріптестеріміздің еңбегіне тек қол соғып қолдау білдіреміз. Ал өнертапқыш – шығармашылық еңбек, кез келген еңбек лайықты бағаланып, ынталандырылуы қажет», – деді жиында сөз алған Ляс Бахрамұлы.

Біліктілікті шыңдау шарасына осы кезге дейін «Үздік рационализатор» атанып, кеудесіне төсбелгі таққан білікті мамандар да қатысты. Олар – Исламхан Алтаев пен Алмас Қонысов, Галина Попова мен Бекжан Билібаев сынды азаматтар. 2021 жылы Исламхан Нұртайұлы ұсынған РП-176В рационализаторлық еңбегінің экономикалық тиімділігі нәтижесінде 2 592 519 теңге үнемделген. Бұл компанияның өндірістік жұмыста игерген үлкен олжасы саналады.

Озық өнегені өзгертсе үлгі ету мақсатында ұйымдастырылған шарада осынау үздік рационализаторлар өз ойларын ортаға салып, тәжірибесімен бөлісті. Басшылық техникалық информатор әрі рационализатор ретінде танылып келе жатқан Ғани Иманғалиұлы, Нұрсұлтан Бауыржанұлы, Назгүл Айтмырзаққызы, Жарқын Қайратұлы, Саламат Әнесұлы, Нұржан Смайылбекұлы, Нәдір Ғазизұлы, Мәлік Бақтиярұлы, Жұмабек Батырханұлы сияқты мамандарға сенім артып, қызметтеріне сәттілік тіледі.

Конференция

ТЕЖЕГІШ ТАҚЫРЫБЫ ҚАШАН ДА ӨЗЕКТІ

Көкшетау локомотив және вагон айналым деполарында локомотив бригадалары мен депо қызметкерлерінің қатысуымен автотежегішке арналған кезекті конференция өтті.

Ислам ТАЛҒАТ,
Көкшетау

Көкшетау айналым депосының бастығы Мұхтар Балғоженов төрағалық еткен жиынға Курорт-Бурабай локомотив депосы бастығының міндетін атқарушы Өмірбек Әйтемов пен депоның бас инженері Серік Ахметов, сондай-ақ локомотив және вагон депосының нұсқаушы құрамы қатысты.

Айналым депосының бастығы М.Балғоженов өз сөзінде жұмыстың қысқы кезеңге көшуі қарсаңында автотежегіш конференциясының қажеттігін атап өтті. «Теміржол көлігінің сенімді жұмысының басты шарттарының бірі – жылжымалы құрам мен локомотивтің автотежегіш жабдықтарының істен шықпай, қалтқысыз жұмыс істеп тұруы, сондай-ақ машинистердің авто-

тежегіштерді сауатты басқаруы. Тежегіш жүйелерін дайындау, қызмет көрсету, пайдалану бойынша шаралар қабылдау, қызметтер арасындағы өзара іс-қимыл мәселелерін қарастыру, осының қай-қайсысы да маңызды», – деген депо бастығы, локомотив бригадалары мен вагон шаруашылығы қызметкерлері жол берген кемшіліктерден бірнеше мысал келтіріп, бұл пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін бұзуға әкелгенін де жасырмады.

Ал вагон пайдалану депосының бастығы Өмірбек Әйтемов қыс жағдайында жұмыс істеу барысында тежегіш жабдықта туындайтын негізгі ақаулар және оқыс жағдайлардан шығу жолдарын өңгімеледі. Әсіресе жүріп келе жатқан жолаушылар пойыздарында кездесетін бұзушылықтарға кеңінен тоқтал-

ды. Әйтемовтің айтуынша, жүк вагондарының автотежегіш жабдықтарының тұрақты жұмысына теріс әсер ететін кезең басталғалы отыр. Осыған орай ол пойыздарды сапалы өңдеу мен жөнелтуге дайындауды бақылауды ұйымдастыру жағын жақсартуға қатысты бірқатар фактограммаларды атап өтті.

Конференцияда сөз алған Бурабай курорты локомотив депосының бас инженері Серік Ахметов осыдан отыз бес жыл бұрын Каменская станциясында болған тыйым салу сигналынан өтіп кеткен жағдайды айтып берді. Сала қызметкерін өз міндеттерін нық орындауға шақырған ол жылжымалы құрам жабдықтарының істен шығу жағдайлары көпшілік жағдайда адами фактор салдарынан болып жататынын жоққа шығармады.

Машинист нұсқаушы Ержан Әшімов пойыздық және маневрлік жұмыстағы кейбір кемшіліктерге тоқталды. Сонымен қатар, ол қаржылық шығынға әкелетін пойыздардың кешігуіне себепші жүк пойыздары тіркемелерінің үздіксіз негізгі себептерін атап өтті.

Автотежегіш конференциясының соңында викторина өткізілді. Онда оған қатысушы екі кәсіпорын қызметкерлерінің қауіпсіздік техникасы, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі және жылжымалы құрамға қызмет көрсетуге қатысты нормативтік-техникалық актілерді білу деңгейі сарапқа салынды. Жеңімпаздар марапатталды.

– Бүгінгі конференцияның маңызы зор деп ойлаймын. Жиынға белсенді қатысып, білім-біліктіліктеріңізбен бөліскендеріңізге алғыс айтамын. Пойыздардың қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ортақ міндет. Осы міндетті абыроймен орындауға шақырамын. Ал жұмысқа биыл қыста бірінші рет кіріскелі отырған жас мамандарға бүгінгі конференциядан пайдалысын алып, жұмыс процесінде қолдануға және жемісті еңбек етуге тілектеспін, – деп түйіндеді сөзін Мұхтар Балғоженов.

Жиында сондай-ақ локомотив депосында 35 жылдан астам жұмыс істеген машинист Т. Жүнісовті әріптестері салалық зейнеткерлікке салтанатпен шығарып салды.

ҚАЛАУЛЫ ДА ҚАУІПТІ КӘСІП



Жылжымалы құрамды жинап, жолға салатын пойыз құрастырушылар – саладағы ең қиын да қауіпті кәсіп иелері. Ақтөбе станциясының пойыз құрастырушысы Алдияр Тлеубергенов осы жұмысты отыз бес жыл атқарып келеді.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«Ең бірінші талап – темір жолдағы қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуы. Әрине, пойыз құрастырушының жұмысы жеңіл емес. Қыста 40 градус аязда вагонға жармасып жүру оңай ма? Бірақ, өндірісті салада жұмыстың бәрі қиын, бәрі де қауіпті», – дейді кейіпкеріміз. Теміржолшылар отбасында туып-өскен азамат мамандық таңдауда қателеспегеніне бек сенімді.

Кейіпкеріміздің пайымынша, маневр жасау, пойыз құрастыру, вагондарды ажырату, қосу сынды күнделікті атқарылатын жұмыстардың сауатты жүргізілуі – жылжымалы құрамның сапқа тұруына, қозғалысқа түсуіне, ең бастысы қауіпсіздікке кепіл болады.



Тәжірибелі пойыз құрастырушының қырағылғы арқасында өткен жылы №33 жолаушылар пойызы тоқтатылып, дер кезінде қауіптің алды алынды. Сол күні ауа райы қолайсыз болып, жел күшейіп, станциядағы

басты жолдың біріне аяқ асты тал құлады. Сол маңда жұмыс істеп жатқан Алдияр Тлеубергенов шұғыл түрде станция кезекшісіне хабарлап, ол өз кезегінде станцияға жақындап қалған жолаушы пойызының машинистін құлағдар етіп, тоқтатып үлгерді. Станция басшылығы қозғалыс қауіпсіздігін сақталуына қосқан үлесі үшін пойыз құрастырушыға алғыс айтты.

Тәжірибелі теміржолшы станцияға жаңадан келген жастардың тәлімгер ұстазы ретінде де танымал. Алпысты алқымдап қалған маман кәсібінің қыр-сырын үйренгі келетін жастарға білгенін үйретуден жалыққан емес. Қазір жас мамандардың көптеп келіп жатқанын айтады. «Қалаулы кәсіп кісіні жалықтырмайды. Осы кәсіпті қалап келген жастарға біздің жұмыста ең алдымен есте ұстауын – сақтық, қырағылғы, жауапкершілік. Осы үшеуін қатар ұстағанда сен нағыз теміржолшы боласың деймін» дейді тәжірибелі пойыз құрастырушы.

Суретті түсірген автор

ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ТАБЫСЫ



Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде биылғы тоғыз айдың қорытындысы жаман емес. Негізгі 15 көрсеткіштің бесеуі жүз пайыздан аса орындалған. Қалғандары да соған жетеғабыл, жалпы алғанда өңірде тасымал тасқыны қанағаттанарлық деуге болады.

Еділ ЕРМЕК,
Атырау

Өткен тоғыз айда жүк айналымы техникалық жоспарға сәйкес 99,8 пайызға орындалып, 8070 млн т км метр тонна құрады. Жүк тиеу 100 пайыз, жергілікті вагон айналымы 100,9 пайыз, вагонның орташа статистикалық салмағы 100,3 пайыз, тиелген вагонның динамикалық жүктемесі 100,8 пайыз, пойыздың орташа салмағы 100 пайыз орындалған. Байқап отырғанымыздай, жүк көлемі жеткілікті. Бірақ, локомотив жүрісі, учаскелік, техникалық жылдамдық, жүк вагондарының өнімділігі сынды кейбір көрсеткіш төмен. Оның себебі неде?

Себебі, негізгі жүк көзі мұнай және мұнай өнімдері болғандықтан, оларды өндіретін зауыттардың қызметі тасымал көлеміне тікелей әсер етеді. Бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімі берген мәліметке сүйенсек, жүк тасымалдауда темір жолдың не теміржолшылардың жұмысында кемшілік жоқ. Олар өз міндеттерін толық орындап келеді.

Мәселе зауыттар жұмысында және басқа факторлар бар. Ең алдымен, 15 сәуір-15 мамыр аралығында Атырау мұнай өңдеу зауытының кейбір қондырғыларының жөндеуге тұруы тасымал көлемінің кемуіне әсер еткен. Сондай-ақ, 1-31 тамыз аралығында «Теңізшевройл» ЖШС өндірістік нысандары да күрделі жөндеуге тұрды. Болашақ зауытында 7 тамызда бұзылған қондырғы күні бүгінге дейін жөндеу қоймады. Оған қоса, Украинадағы соғысқа байланысты онда экспорттық мұнай өнімдерін жөнелтуге тыйым қойылды. Сондай-ақ, «Теңізшевройл», «Батыс Транс Групп», «Истком Транс» сынды өңірдегі бірқатар алпауыт компаниялардың жүктері түрлі себептермен тиелмей қалған жағдайлар орын алған. 9-14 мамырда Грузияға да жүк жіберуге конвенциялық тоқтам қойылды. Міне, осындай себептер көрсеткіштердің толық орындалуына кедергі болғаны анық.

Сонымен қатар, ақаулы шпалдардың кесірінен кейбір учаске-



лерде жылдамдықты шектеуге ескерту берілуі, жолда тастанды пойыздардың көбеюі, малдың жолға шығып кетуі сынды жағдайлар локомотивтің жүрісіне және жылдамдығына, жүк айналымына да кері әсер еткені сөзсіз. Оның үстіне биыл өңірде 92 шақырым жол күрделі жөндеуден өтіп, жол жөндеу машиналарының және байланыс, электрмен қамту дистанцияларының жұмысы үшін Атырау-Қығаш, Мақат-Сағыз, Мақат-Құлсары учаскелерінде

жалпы 2832,2 сағатқа созылған 786 технологиялық толаскез берілген. Ол да тасымалға кері әсер еткен. Өткен 9 айда малдың кесірінен 425 шұғыл тежеу болған. Бұл – локомотив өнімділігі үшін де, жүк тасымалы үшін де үлкен кедергі. «Міне, осындай себептер мен салдарларды айтпағанда жұмыс көлемі толықтай орындалуда» дейді бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Әзиз Айжарықов.

Суретті түсірген автор

Юбилей

СОЗИДАТЕЛЬ СТАЛЬНОЙ МАГИСТРАЛИ

В воскресные дни часто на проходящих поездах Онайгали и Амангельды Сельбаевы добирались домой до станции Ескене и обратно в Доссор, цепляясь на товарные платформы в лютый мороз и знойную жару. С детства они увидели и почувствовали значение стальной магистрали в жизни человека, что и являлось причиной выбора профессии, которой они посвятили всю жизнь.

Амангельды Сельбаев родился в октябре 1942 года на железнодорожной станции Ескене. Детство и юношество Амангельды провел в кругу родных и друзей на станции Ескене, обучаясь с братом Онайгали в школе-интернате в районе Доссор, а после в Гурьеве.

Амангельды Сельбаев, как и его брат, окончил Ташкентский институт инженеров железнодорожного транспорта в 1974 году по специальности «инженер путей сообщения». Начав свою трудовую деятельность в 1961 году стрелочником, он проработал дежурным, маневренным и поездным диспетчером, дежурным по отделению, старшим поездным диспетчером, заместителем начальника отдела движения отделения, ревизором по безопасности движения поездов, начальником станции Гурьева-1, был назначен заместителем НОД, а после – 15 лет начальником отделения дороги. Это были годы второго рождения Атырауского отделения. После назначения нужно было прежде всего осуществить меры по оздоровлению локомотивного

парка, развитию пропускной способности железной дороги.

Задачи, которые ставил перед коллективом Сельбаев, – это осуществить в короткий срок гигантский объем работ по реконструкции станций и узлов, таких как Ганюшкино, Махамбет, Макат, Кульсары, Бейнеу, Мангышлак. После завершения всего комплекса работ обмен по межстыковому пункту Аксайская вырос с 17 поездов в сутки до 30, из них по плану формирования на 10 поездов были двояными. Штатная численность отделения выросла до 14 270 человек, которые работали теперь в 37 предприятиях, грузооборот увеличился более чем в два раза, до 41 550 миллионов тонн/км. По показателям работы отделения поднялось со 185-го на 9-е место в Советском Союзе. Были открыты новые предприятия, такие как локомотивные депо в Атырау и Бейнеу, дистанция пути Бейнеу, дистанция сигнализации и связи Кульсары, 3 ПМС. В результате модернизации станции Бейнеу, Сай-Утес грузопоток увеличился с шести до 17 поездов в сутки.

Амангельды Сельбаевич гото-

вил кадры из местных специалистов. Достаточно сказать, что после занятия им должности начальника отделения начали выдвигаться на руководящие посты молодые перспективные железнодорожники, и вскоре во всех 37 предприятиях руководителями стали местные кадры, подготовленные лично им. В целом же за время руководства была дана путевка в жизнь 670 инженерам и 1 700 техникам.

Постоянная забота о социальной сфере отражалась в том, что на отделении открывались подобные хозяйства, в комплексе решались вопросы строительства жилья, медицинских и дошкольных учреждений, а также их обслуживание.

В декабре 1996 года Амангельды Сельбаев назначен начальником Западно-Казахстанской железной дороги. В 1997 году Постановлением Правительства РК путем слияния Алматинской, Целинной и Западно-Казахстанской железной дороги и организации РГП «Қазақстан темір жолы» его назначили советником и представителем генерального директора РГП «ҚТЖ» по Западному региону. При его активной деятельно-



сти Западно-Казахстанская дорога сыграла значительную роль в освоении и развитии важнейших для экономики страны нефтегазовых месторождений «Тенгиз», «Жана жол», «Кумкол», «Карачаганак», «Кашаган», а также морского порта Актау и др.

Общий стаж работы Амангельды Сельбаева в железнодорожной отрасли составляет 47 лет, 30 из них занимал руководящие должности. Он является одним из видных деятелей отечественной железнодорожной отрасли.

Его труды были достойно оценены правительством. Амангельды Сельбаев награжден орденами «Парасат», «Құрмет», «Трудовое Красное Знамя», «Дружба народов», медалями, грамотами, а также знаком «Почетный железнодорожник».

Равиль ЧЕРДАБАЕВ, государственный и общественный деятель

ПРИМЕР УСПЕШНОЙ РЕАЛИЗАЦИИ



АКТУАЛЬНО

На сегодняшний день терминал Сухого порта перерабатывает по приему и отправлению от 9-10 составов в сутки. А с введением в эксплуатацию двух дополнительных путей по колее 1435 мм возможности терминала увеличиваются до 20 составов.



Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматинская область

В конце сентября прошло открытие второго перегруженного места на терминале ТОО «KTZE-Khorgos Gateway» при участии управляющего директора по логистике АО «НК «ҚТЖ» Ерлана Койшибаева и представителей иностранной делегации. Безусловно, второе перегруженное место увеличит мощность терминала в два раза, а также транзит грузов через станцию Алтынколь в направлении ТМТМ, Европы, Российской Федерации, Узбекистана, что соответствует поставленной задаче Главы Государства



Касым-Жомарта Токаева о необходимости укрепления транзитного потенциала стра-

ны. Географически выгодное расположение станции Алтынколь на границе с Китаем

способствует успешному развитию транзитных перевозок через территорию Казахстана, перспективы роста которых практически не ограничены. Стоит также отметить, что одним из основных показателей по объему перевозок на станции Алтынколь являются контейнерные поезда.

А расширение новых маршрутов будет направлено на повышение уровня транспортной инфраструктуры, конкурентоспособности, являясь примером успешной реализации и развития транспортного потенциала, товарооборота между странами.

Фото автора

ОПЫТ И ЗНАНИЯ – ЗАЛОГ ПРОДУКТИВНОСТИ



ОБУЧЕНИЕ

Более 17 тысяч работников АО «НК «ҚТЖ» с начала года прошли обучение в Центре оценки и развития персонала железнодорожного транспорта в Астане и региональных учебных центрах.

Любовь РОВБА, Астана

При этом львиную долю от этого числа обучили в дистанционном формате – 14 тысяч человек, порядка трех тысяч – очно.

Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта в Астане успешно функционирует уже 10 лет

и отвечает всем современным требованиям международных стандартов к образовательным организациям такого типа. В настоящий момент он оснащен 16 учебными классами с новейшим оборудованием, 11 лабораториями, учебным полигоном и общежитием на 300 мест. В регионах – 60 учебных классов, 10 лабораторий, четыре учебных полигона



и четыре общежития (606 мест). – Наши программы профессионального развития и повышения квалификации персонала адаптированы к потребностям производствен-

но-технологического процесса группы компаний АО «НК «ҚТЖ», корректируются в соответствии с изменяющимися условиями бизнеса, – отметила заместитель директора по производственному

обучению Салтанат Ахметова. В связи с событиями последних лет внедряется новая система дистанционного обучения и тестирования.

Специалисты центра проводят как обязательные виды обучения – охрана труда и техника безопасности, промышленная безопасность, экологическая безопасность, пожарно-технический минимум, электробезопасность, так и подготовку и повышение квалификации свыше 150 специалистов железнодорожного транспорта. В том числе машинистов электровозов и тепловозов, электромехаников и электромонтеров, дорожных мастеров и бригадиров, инженеров-технологов, начальников станций, приемщиков локомотивов, товарных кассиров, сигнальщиков и т. д.

Помимо руководителей, специ-

алистов и производственного персонала АО «НК «ҚТЖ», на базе центра обучаются также представители стран ближнего зарубежья, Молдовы, Украины, Азербайджана.

Так, в сентябре этого года проведен курс повышения квалификации для машинистов тепловоза серии ТЭЗЗАС Молдавской железной дороги. В октябре в стране заказчика планируется обучить управлению электровозами серий AZ8 и AZ4 работников ЗАО «Азербайджанские железные дороги».

Благодаря работе центра сокращены затраты компании на постоянный подбор персонала за счет уменьшения текучести кадров и повышения их квалификации.

До конца года планируется обучить еще более пяти тысяч человек, в целом – более 22 тысяч работников.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ОБЛЕГЧИТЬ ТРУД ПУТЕЙЦЕВ

Роман ЛЮБИМОВ, Астана



ТЕХНОЛОГИИ

На службу монтерам пути АО «НК «ҚТЖ» в этом году поступило 80 шурупогайковертов, и до конца года планируется приобрести еще столько же. Этот механизм заменяет ручной инструмент, значительно облегчая труд путейца.



Содержание промежуточных рельсовых скреплений – один из основных видов путевых работ по текущему обслуживанию железнодорожного полотна. На железобетонных шпалах – это периодическая подтяжка шурупов, клеммных и закладных болтов, на деревянных шпалах – добивка костылей.

К настоящему моменту развернута длина пути с железобетонным основанием по АО «НК «ҚТЖ» составляет 16 570 километров, или 78% от общей длины. В связи с поэтапным переходом на новые шпалы ежегодно увеличивается и объем работ по протяжке болтов и шурупов. И если на участках с шурупным креплением протяжка производится по необходимости, то на 5 927 километрах пути с клеммно-болтовым скреплением (КБ) частота таких работ определяется в зависимости от класса пути: один раз в год на участках первого и второго классов, раз в три года на путях третьего класса и раз в четыре года – на участках четвертого и пятого классов. Таким образом, в среднем в год путевцам необходимо производить протяжку болтов на 4 500 километрах пути.

Вручную это достаточно кропотливый и тяжелый труд – чтобы произвести работы на одном километре пути со скреплением КБ, в день требуется восемь монтеров с ручным инструментом. Шурупогайковерт позволяет увеличить производительность до двух километров в день силами лишь двоих работников.

Он позволяет автоматически производить завинчивание и отвинчивание шурупов и гаек, в том числе в труднодоступных местах. Предусмотрена и специальная насадка для откручивания заржавевших болтов. Ко- нусная металлическая муфта – малоизнашивающаяся и саморегулирующая, крутящий момент регулируется через гидравлический сервомеханизм, а в зависимости от жесткости винта можно выбрать между двумя передачами. Благодаря этому механизму обеспечивается фиксация технических параметров – момента затяжки.

Сейчас в путевом хозяйстве ҚТЖ используется более 500 единиц шурупогайковертов, и железнодорожники их по достоинству оценили. Помимо этого, 80 механизмов приобретено в 2022 году, и еще 80 компания закупит до конца года.

СЕЗОННЫЕ ЗАБОТЫ

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

В Костанайском регионе завершается сезон травоборьбы. Данная работа ведется в регионе весь летний период включительно до наступления ноября.

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Адильбек Касымгалиев, с весны и по сегодняшний день борьбой с травой на путях были охвачены работники всех станций, дистанций, перегонов Костанайского региона. Лидируют в этой борьбе станции Кушмурун, Аркалык, Аманкарагай.

– В настоящее время сезон травоборьбы завершается, – говорит Адильбек Касымгалиев. – С начала апреля и до начала ноября по всем дистанциям, в том числе на перегонах между станциями, ведутся окос бурьяна вдоль путей, вырубка кустов в непосредственной близости от путей. Эта работа очень трудоемкая. Но она не останавливается ни на один день, наши работники очистили от травы километр за километром, несмотря на дожди, жару. Потому что от нее зависит безопасность движения.

МАРАФОН ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

«Қазкөліккәсіп» ҚБ мерейтойы аясында «Астана» филиалы теміржолшылар арасында ұйымдастырған марафон мәресіне жетті. Осы аптада ҚТЖ Орталық музейінде жүзден жүйрік шыққандар арнайы диплом мен жеңімпаз есімі жазылған кубокпен марапатталды.

Бұл марафонның бір ерекшелігі – қатысушылар жүргізген қашықтығын ұялы телефондағы Strava арнайы қосымшасына енгізіп, соны жарыс ұйымдастырушыларына жолдаған. Олар бұл ретте марафонның екі номинациясы бойынша жарысты, бірінші – 30 км қашықтықты анағұрлым аз уақытта жүгіріп өту және марафон өткен жарты жылда ең ұзақ қашықтықты бағындыру. Аталған филиалдың спорт нұсқаушы-ұйымдастырушысы Роман Подгадаецтің айтуынша, 26 наурызда басталған марафон 26 қыркүйекке дейін жалғасып, осы аралықта оған 14 теміржолшы қатысқан.

Мұндай марафон осымен екінші жыл ұйымдастырылып отыр. Қатысушылар аталған мерзім ішінде кез келген күні, кез келген уақытта қаланың бір нүктесінде жүгіріп, сол уақытты әлгі қосымшада белгілейді, сосын нәтижесін бізге жібереді. Он төрт қатысушы ҚТЖ үшін аз, ейткені бізде спортпен шұғылданағандар өте көп, алайда осы аралықта өзге де спорттық шаралардың жиі өтуіне байланысты олардың біразы бұл марафонға қатысып үлгермегендігіне қалай болуы керек деп ойлаймыз. Қатысушылар екі номинация бойынша да марапатқа ие болды, – дейді спорт нұсқаушысы.

Марафон қорытындысында бірінші номинация бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалының менеджері Мөлдір Есболғанова 30-39 жас аралығындағы әйелдер арасында, осы дирекцияның инженер-технологы Ольга Макалкина 40-49 жастағы әйелдер арасында 30 шақырымды ең аз уақытта жүгіріп, 1-орын алды. Сонымен қатар 18-29 жас аралығындағы ерлер арасында «ҚТЖ-Жұк тасымалы» ЖШС корпоративтік даму департаментінің менеджері Мақсат Еркенов екі жарыстан да жеңімпаз болды. Сол сияқты 30-39 жас аралығындағы ерлер арасынан «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Қала маңы тасымалы» филиалы Ақмола өңірлік телімінің электр пойыздың машинисі Андрей Азын 1-орынға шықты. 40-49 жас аралығындағы ер азаматтар ішінен бірінші орынды Семей магистральдық желі бөлімшесінің бөлім бастығы Нұрлан Бегәділов алды. Екінші номинация, яғни ең ұзақ қашықтыққа жүгіру-



ден бірінші орынды жас ерекшеліктеріне қарай компаниядағы техникалық орталық менеджері Рената Молдахметова, Шу станциясы бойынша «Қала маңы тасымалы» филиалының жолсерігі Салтанат Айманбетова, Қостанай белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Нұрлан Иксанов және марафон өткен 6 айда екінші номинация бойынша 1635,89 км қашықтыққа жүгіріп, ең үздік нәтиже көрсеткен Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы Көкшетау филиалының есептеу тобы бастығының орынбасары Асқар Жүсіпов жеңімпаз болды. Сондай-ақ 50-59 жас аралығындағы ерлер арасынан компанияның бас инженері Батыр Котырев бірінші орынға лайық нәтиже көрсетті. Жеңімпаздарды «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев пен «Астана» филиалының төрағасы Серік Сәрсекеев марапаттады.

Марафонды жариялаған күні 30 км жүгірдім. Ақордадан бастап өзен жағалай жүріп, Тельман елді мекенінен әрі астым. Бұрын күреспен айналысқаным, ал жүгіріп жүргенім бір жылдай болды. Жүгірудің пайдасы зор, денсаулыққа пайдалы, үнемі сергек жүресің. Қысым мөлшері қалыпты болады, – дейді марафон жүлдегерлерінің бірі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек қауіпсіздігі және экология инспекциясы менеджері Ғазиз Мәмбетов.

Кәсіподақ басшылары компания қызметкерлерінің салауатты өмір салтын ұстанудағы барлық бастамаларына қашан да қолдау білдіруге дайын екендерін жеткізді.

Райхан РАХМЕТОВА

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖАРАЙСЫҢ, САЯСАТ!

Амандық болса, тағы бір-неше жылдан кейін елдің бір шетінде орналасқан аядай ғана Болашақ станциясының атын әлемге әйгілі етер шабандоз өсіп келеді. Ол Саясат есімді 11 жасар жеткіншек. Талабы таудай ұл теміржолшының отбасында тәрбиеленуде.

Жақында облыстық деңгейде өткен тай жарысында бас жүлдені жеңіп алған Саясаттың жеңісіне бүкіл Болашақ халқы қуанды. Оның ішінде, әрине, әкесі еңбек ететін теміржолшылар ұжымы алдымен. Кіл жүйрік жылқы тұқымдарынан шыққан 32 тайдың арасынан Саясат Аюповтың қылықұйрығы бірінші келгені қазақтың атбегілік өнерін дамытып келе жатқан Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясының қызметкері Нұржігіт Аюпов еңбегінің жемісі деп білген жөн. Теміржолшының бағтпап қосқан тұлпарлары да, шабандоз баласы



да жерге қаратпады. Тұлпарлары дегеніміз, осы аламанда тай жарысынан бірінші орын алса, 24 шақырымға жарыстан теміржолшының тағы бір бәйге аты бесінші орыннан көрінді. Құланды ауылының 40 жылдық мерейтойына арналып ұйымдастырылған атшабысқа ол адай тұқымды «Ынтымақ» атты тайы мен «Шаһар» атты бес жасар бестісін баптап қосқан.

– Бұл – біз үшін үлкен мерей, зор қуаныш. «Болаң баланың бетін қақпа, белін бу» дейді. Сондықтан

біз де шабандоз өренімізге шабыт сыйлап, алғысымызды білдіру үшін мектепке барып құттықтадық. Ауыл әкімі алғыс хатпен марапаттап, теміржолшылар сыйлықтарын табыстады. Естүмізше, Саясаттың ұлттық өнермен айналыса бастағанына үш жылдай болыпты. Аз ғана уақыттың ішінде осындай нәтиже көрсетуі – бапкері мықтылығының және өзінің алғырлығының белгісі. Баласы мен аттарын баптап, бәйгеге қосып жүрген замандасымыз Нұржігіт Аюпов Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясында екі жылдан бері еңбек етеді. Жұмысына қоса жылқы шаруашылығымен, атбегілікпен айналысады. Бұл – оған атадан балаға мирас болған кәсіп. Ұлын да соған шындап жүрген жерлесіміздің еңбегі жана берсін дейміз, – дейді Болашақ станциясының басшысы Мақсат Нұрбеков.

Саясаттың айтуынша, бәйгеден бас жүлдені алған тайы мұндай аламанға алғаш түсіп тұр екен. Ілкі қадамын осындай сәттілікпен бастаған «Ынтымағынан» шабандоз жеткіншектің күтері көп. Арманы – қазақтың ұлттық өнерін дамытуға үлес қосып елге танымал шабандоз болу.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор

ҚАМҚОРЛЫҚТАН КЕНДЕ ЕМЕС

Қарттар үйінен пана тапқан қариялар өкінішке қарай, аз емес. Батыс Қазақстан облысындағы осындай орталықтардың бірі бірнеше жылдан бері теміржолшылар жиі бас сұғатын орынға айналды. Себебі 75 жастағы теміржолшы Котова Татьяна Ивановна он жылдан асты осында тұрады.

Батыс Қазақстан темір жолының Переметное станциясында инженер-техник болып ұзақ жыл еңбек етіп, зейнетке шыққан Татьяна әжейі бүгінде теміржолшылардан басқа жақыны жоқ. Оны әлеуметтік орталыққа іздеп келетін, жағдайын сұрап хабарласатындар да кешегі әріптестері. Осы аптада Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің директоры Серғали Жайлаубай бастаған бір топ теміржолшылар қарттар үйіне арнайы келіп, Татьяна Ивановнаны құаңтты. Өткен қарттар күнімен құттықтап құшағын гүлге толтырып, азық-түлік себетін қоса

тарту еткен теміржолшы әріптестерінің сонау Ақтөбеден ат арыпты келгеніне риза болған Тания әжейі алғысын айтып, көз жасын сығып алды.

«Кешегі теміржол тарихының көзі тірі кейіпкері – қарттарымыз қандай құрметке де лайық. Маңдай терін төгіп, осы шойын жолдың дамуы үшін еңбек еткен жанның қарттар үйінде тұрып жатқаны біздің де қабырғамызға батады. Сондықтан Татьяна Ивановнаның жиі көңілін аулап, хабарын алып тұруға тырысамыз, әр мерекеде ұмыт қалдырмаймыз», – дейді Ақтөбе

магистральдық желі бөлімшесінің директоры Серғали Аманғалиұлы.

Татьяна Котова 1947 жылдың 16 қазанында Беларусь елінде көп балалы отбасында туған екен. 1961 жылы Саратов облысына қоныс аударады. 1968 жылы тұрмысқа шығып, БҚОның Бөйтерек ауданы Переметное ауылына келіп, біржолата тұрақтап қалған. Қазақстанда ешбір жақын туысы қалмаған Татьяна Ивановна 2010 жылдың қыркүйек айынан бастап Переметное ауылындағы қарттар мен мүгедектерге арналған әлеуметтік орталықта тұрады.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе

Спорт

МАТЧ СОСТОИТСЯ В ЛЮБУЮ ПОГОДУ

Такое решение приняли уральские железнодорожники и все-таки провели матч по стритболу на центральном городском стадионе им. Петра Атояна.



Стритбол – сравнительно молодой вид спорта и является как бы усеченным видом баскетбола. Он проводится на открытых площадках, на половине баскетбольного поля. Соответственно, и маленькое количество игроков – не более трех.

Из-за затянувшихся дождей матч

переносили несколько раз, но в итоге решились провести его в «окно» между ливнями. Прохладная погода не испугала поклонников этого вида спорта, разве что взбудрило. Участие приняли четыре команды: АО «Транстелеком» (ТТК), ЛОИС, а Уральскую дистанцию сигнализации и связи (ШЧ-7)

представляли сразу две команды.

Организаторами выступили инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Бекзат Гилманов и спортивный инструктор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» по Уральскому региону Болат Карлибаев. Они отметили энтузиазм участников, их упорство и стремление к победе. Призовые места в дружеском матче по стритболу распределились следующим образом: в упорной борьбе за первое место победителем стала команда ШЧ-7, на втором – связисты (ТТК), а специалисты ГТ-сервис (ЛОИС) справедливо заняли третье место. Все призеры награждены дипломами.

Анна ПАНИЩЕВА, Уральск

Фото автора



ПОБЕДУ ОБЕСПЕЧИЛО МАСТЕРСТВО

На стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортировочная состоялся региональный турнир по мини-футболу «Казпрофтранс-2022».

Несмотря на холодный пронизывающий ветер и дождь, команды максимально сконцентрировались и были готовы к предстоящим соревнованиям.

По словам инструктора-организатора по спорту Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Тагата Айманбетова, это уже пятый по счету турнир. На узлах Акадыр, Балхаш, Жанарка, Жезгазган прошли отборочные туры, после чего победители приехали в Караганду.

– Сегодня шесть команд разыграют одну путевку на предстоящее межотделенческое соревнование, которое пройдет в Кокшетау, а в конце октября состоится финал в южной столице Казахстана Алматы, – говорит Тагата Айманбетов. – Хочется отметить, что железнодорожники показали красивую и бескомпромиссную борьбу за право стать лучшей командой. Ребята играли под открытым небом на стадионе «Локомотив» и, хотя шел дождь, они в очередной раз доказали свою преданность к спорту и не на словах, а на деле ведут пропаганду здорового образа жизни. В перерыве между играми члены футбольных команд согрелись горячим чаем, а затем вновь выходили на большое футбольное поле и шли в бой.

В ходе соревнований в очередной раз отличилась команда Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо

(ТЧЭ-14), которая на протяжении трех лет становится абсолютным чемпионом.

Всего в воскресный день состоялось шесть матчей. Все команды показали хорошие результаты. Отличную игру с профессиональным ведением мяча ногой и высокой скоростью продемонстрировала команда ЭЧ-12, вышедшая в финал и занявшая третье место, второе – команда ТЧЭ-15 из Жанарки и первое – футболисты ТЧЭ-14 – яркие и волевые ребята, привыкшие быть первыми и вырывать победу из цепких лап соперников. Это объясняется тем, что руководитель депо Асан Умбетов сам любитель спорта и не пропускает ни одного соревнования, где участвует наравне со своими коллегами. Все свободное время работники ТЧЭ-14 проводят в спортзале – играют не только в футбол, но и в волейбол, дартс, теннис.

– Особую благодарность хотелось бы выразить председателю Карагандинского филиала «Казпрофтранс» Яхье Альмусину, а также председателю первичной организации грузовых перевозок Карагандинского отделения ГП Галы Ермекебаеву за организацию в проведении учебно-тренировочных сборов, приобретении спортивной формы, экипировку и призы, – заключил Тагата Айманбетов.

Светлана МОГАЙ, Караганда

Фото автора

В ЧИСЛЕ ПЕРВЫХ

В Павлодарском регионе среди железнодорожников набирает популярность бег. За короткое время многие уже добились успехов, став победителями и призерами различных первенств.

Так, павлодарские и екибастузские железнодорожники завоевали четыре медали разного достоинства на «КТЖ Марафон – участвуй и Ты!». Все они впервые попробовали свои силы в беге.

Это начальник отдела производственной безопасности и экологии отделения ГП Эльмира Караханова, инженер по технике безопасности и охране труда ШЧ Айгуль Каримова, старший электромеханик СЦБ ШЧ-24 Дастан Қабдығали и машинист электровоза Екибастузского эксплуатационного локомотивного депо Жанибек Манапов. Несмотря на то что это был их первый опыт в забеге,

они сумели показать самые лучшие результаты. В свободное от работы время железнодорожники принимают активное участие в различных спортивных мероприятиях, которые проходят в Павлодарском отделении ГП. Это баскетбол, футбол, настольный теннис и дартс.

– Эльмира Караханова была в возрастной категории 30-39 лет, пробежала пять километров, завоевала золотую медаль. «Серебро» – у Айгуль Каримовой, возрастная категория 50-59 лет, «бронза» – у Дастана Қабдығали, 40-49 лет и «серебро» – у Жанибека Манапова, – рассказала инструктор



по спорту ФСК Павлодар Наталья Мартынова.

Напомним, более 400 железнодорожников из всех регионов Казахстана приняли участие в столичном марафоне, в том числе и их дети. Участники на выбор пробежали два, пять, 10, 25 километров и королевскую марафонскую дистанцию – 42 километра 195 метров.

Айдана ЕРТАЙ

Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубай 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.